БОНУС КЛУБЫНЫҢ КӘСІПОРЫНДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАҒИДАЛАРЫ

Анықтамалар, терминдер және ұғымдар

Егер осы Қағидалардың мәтінінде өзгесі анық айтылмаса, осы Қағидаларда пайдаланылатын терминдер мен ұғымдардың мағынасы мынадай болып табылады:

1) **Банк** – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Бонус клубының қағидаларын анықтайтын және қатысушылары бар эмитент ретінде жобаға қатысу туралы шарт жасасқан, бонустарды есепке алу және үйлестіру, клиенттермен коммуникация жүргізу, Кәсіпорынға жарнамалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету және басқалары бойынша өзіне міндеттемелер алған Бонус клубының ұйымдастырушысы;

2) **бонус** – кейінге қалдырылған жеңілдіктің берілу нәтижесінде Кәсіпорыннан немесе Банктен алған клиенттің қаражаты. 1 (бір) бонус 1 (бір) теңгеге тең. Бонустар ақша болып табылмайды;

3) **Бонус клубы** (Halyk Club) – Кәсіпорындарды біріктіретін және осы Қағидаларда баяндалған талаптармен Банктің карта ұстаушыларына қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін Банк өнімі;

4) **бонустық шот** – карта шығарған сәтте Банк әрбір клиентке ашатын және Банк онда есепке алуды және бонустар бойынша операцияларды: есептеуді, жұмсауды, қалпына келтіруді, есептен шығаруды және баланстың белсенді қалдығын жүргізетін банктік шот болып табылмайтын шот;

5) **жасалған сауданы қайтару** – картаны пайдалана отырып бұрын сатып алынған тауарды қайтару бойынша клиент бастамалайтын қолма-қол ақшасыз жасалатын операция, ол Кәсіпорынның ағымдағы шотынан клиенттің банктік шотына ақшаның қайтарылуымен қоса жүреді;

6) **сыйақы** – кейінге қалдырылған жеңілдік және/немесе купон;

7) **бонустарды қалпына келтіру** – Қағидаларға сәйкес Банк бастамалайтын операция, ол бонустармен толық немесе ішінара төленген сауда қайтарылған жағдайда іске асырылады. Осы операция Серіктес шотындағы ақша сомасының азаюына және бонустардың клиенттің бонустық шотына есепке алынуына алып келеді;

8) **бонустармен өзара алмасу** – Кәсіпорынның немесе Банктің ниеттестік бағдарламасы арқылы бонустары бар клиенттің Кәсіпорын бонустарына немесе керісінше бонус алмасуы;

9) **науқан** – Серіктестің сыйақы беру талабы;

10) **карта** – Банк шығаратын төлем картасы, ол клиентке қолма-қол ақшасыз тәртіппен тауарларды/қызметтерді сатып алуды іске асыруға және басқа да операцияларды жасауға мүмкіндік береді;

11) **клиент** – Банкпен төлем картасын беру және оған қызмет көрсету туралы қосылу шартын жасасқан, карта ұстаушысы болып табылатын, Halyk қосымшасы қаржы порталын пайдаланушы және/немесе кез келген өнім немесе қызмет бойынша Банкте қызмет көрсетілетін жеке тұлға;

12) **купон** – Кәсіпорын өз бетінше анықтайтын және беретін қандай да бір тегін тауарларды және/немесе қызметтерді клиенттің Кәсіпорыннан алу мүмкіндігіне көрсететін немесе ақпараттық сипаты бар клиентке арналған, чекте басып шығарылатын хабарлама. Купон клиенттің қаржысы есебінен картаны пайдалана отырып сауда жасаған кезде беріледі. Купондармен байланысты болған мәселелер бойынша клиенттердің наразылықтарын Кәсіпорын Банктің қатысуынсыз өз бетінше қарайды (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, купонға сәйкес тауарларды және/немесе қызметтерді беру мәселелері және берілген тауарларды және/немесе қызметтерді ауыстыру мәселелері). Егер Сауда/сервис кәсіпорыны купонды (сондай-ақ осындай купон бойынша тауарларды және/немесе қызметтерді) беру (немесе бермеу) нәтижесінде клиентке залалдар келтірілген

болса, Кәсіпорын Банкке мұндай шығындарды сөзсіз және толық өтеуге міндеттенеді. Купон мәтінін Кәсіпорын Банкпен келісу бойынша анықтайды;

13) **бонустарды есептеу** – осы Қағидаларға сәйкес, оның ішінде осы Қағидаларға № 1 қосымшасының және №2 қосымшаның талаптарына сәйкес клиенттің Серіктесте жасалған саудасы нәтижесінде клиенттің бонустық шотына бонустарды есептеу. Бұл операция клиенттің бонустық шотындағы бонустар балансын ұлғайтады және Серіктес шотындағы ақшаның сомасын кейінге қалдырылған жеңілдік сомасына азайтады;

14) **кейінге қалдырылған жеңілдік** – клиент қаражатының есебінен карта бойынша төленген тауарларды/көрсетілген қызметтерді төлеуге Кәсіпорынның ағымдағы шотына аударылуға жататын сомадан Банк ұстап қалған ақша (транзакция сомасынан пайыздық қатынаста);

15) **жабдық** – картада орналасқан микропроцессордың ақпаратын оқу жолымен операция орындалатын, Кәсіпорында орнатылған POSтерминал, электрондық терминал, QR-код, Halyk Pos қосымшасы және басқа да жабдық;

16) **ниеттестік бағдарламасы** – бұл Банкте және/немесе Кәсіпорында әрекет етіп тұрған бағдарлама, оның шеңберінде Банк және/немесе Кәсіпорын клиенттердің ниеттестігін арттыруға, тұрақты клиенттер санын ұлғайтуға және жаңа клиенттер тартуға бағытталған, Банк клиенттеріне бонустар/кешбэк ұсынады;

17) **Серіктес** – Банкпен Сауда эквайрингінің қосылу шартына Қосымша келісім немесе «Ниеттестік бағдарламасы аясында Банктің клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» интернет-эквайрингтің қосылу шартына Қосымша келісім жасасқан Кәсіпорын, оның ішінде Банкпен ниеттестік бағдарламасы аясында өзара ынтымақтастық туралы келісім жасасқан Кәсіпорын немесе халықаралық компания. Бонус клубы Серіктестерінің қолданыстағы тізімі halykbank.kz сайтында орналастырылады;

18) **сауда жасау** – карталар базасындағы ағымдағы шоттан ақшаның Кәсіпорын шотына есептен шығарылуы қоса жүретін, клиент тауарларды, жұмыстарды және Кәсіпорын қызметтерін төлеу бойынша картаны пайдалана отырып жасалатын қолма-қол ақшасыз операция;

19) **Қағидалар –** Банк және Серіктес жүргізетін маркетингтік науқандар негізінде де Бонустарды есептеу, жұмсау, есептен шығару және қалпына келтіру тәртібін анықтайтын, Банктің https://halykbank.kz сайтында орналастырылған Бонус клубының Кәсіпорындарға арналған осы Қағидалары;

20) **Кәсіпорын** – өздері жеткізетін тауарлар және/немесе көрсететін қызметтер мен жұмыстар үшін төлеу бойынша қолма-қол ақшасыз төлемді жүзеге асыру үшін картаны қабылдайтын, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды немесе жеке тұлға;

21) **қызметтерді жеткізуші** – төлемдерді қабылдау және аудару жөніндегі қызметтерді көрсету туралы Банкпен тиісті қосылу шартын жасасқан жеке тұлғаның оның пайдасына төлем жүргізетін заңды тұлға, жеке кәсіпкер, шаруа (фермерлік) қожалық, жеке сот орындаушысы, жеке нотариус, адвокат, кәсіби медиатор;

22) **бонустарды есептен шығару** – Банк Қағидаларға сәйкес бастамалайтын, бонустармен толық немесе ішінара төленген сатып алу операциясы есебінен құрылатын операция. Бұл операция клиенттің бонустық шотындағы бонустардың азаюын және Серіктес шотына ақша қаражатының есепке алынуын келтіреді;

23) **клиент қаражаты** – клиенттің карталар базасындағы ағымдағы шотындағы ақша (бонустарды қоспағанда);

24) **Серіктестің/Кәсіпорынның ағымдағы шоты** – кейінге қалдырылған жеңілдік түрінде ақшаны есепке алуды және есептен шығаруды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген операциялар бойынша клиенттермен және Банкпен өзара есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін Банк пен Серіктес/Кәсіпорын арасында жасалған шартта көрсетілген, Банк ашқан банктік ағымдағы шот;

25) **транзакция** – тауарларды/қызметтерді сатып алу немесе карта ұстаушының карталар базасындағы ағымдағы шоты бойынша ақпарат алу үшін карта арқылы жүзеге асырылатын операция, нәтижесі карта ұстаушының карталар базасындағы ағымдағы шотын дебеттеу немесе кредиттеу болып табылады;

26) **бонустарды жұмсау** – нәтижесінде Halyk қосымшасында Серіктестер немесе Қызметтерді жеткізушілер желісіндегі жабдық арқылы тауарлар/қызметтер бонустарын пайдалана отырып төлем жүргізілетін транзакция. Осы операцияны жасау нәтижесінде бонустық шоттағы бонустар сомасы азаяды және ақша Серіктестің немесе Қызметтерді жеткізушінің шотына аударылады;

27) **Halyk Super App мобильдік қосымшасы –** бұл банктік киосктар, компьютерлік желілер, телефон және/немесе мобильді байланыс желілері арқылы карталық және өзге де операцияларды жүргізу үшін қаржылық және цифрлық қызметтердің (аударымдар, төлемдер, карталарды басқару) кешенін ұсынатын, сондай-ақ Банк айқындайтын шарттармен және тәртіппен төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру, сондай-ақ өзге де операцияларды жүргізу үшін қолданылатын Банктің көпфункционалды қосымшасы.

28) **MCC код (MCC, Merchant Category Code)** – сауда нүктесінің қызметі түрінің коды. Ол төртаңбалы нөмірді білдіреді және қызметінің түрі бойынша Кәсіпорын көрсететін қызметтерді/тауарларды жіктеу үшін банк карталары саласында қолданылады;

29) **RRN (Reference number)** – карталар базасындағы операцияның транзакцияны сәйкестендіру үшін қажетті 12-таңбалы бірегей *нөмір*;

30) **XLS TRX id** – бонустық жүйедегі операцияның транзакцияны сәйкестендіру үшін қажетті бірегей нөмірі;

31) **бонустармен күмәнді операциялар** – Банк Серіктес пен клиент арасында жасалған мәміленің жалғандығы туралы күдік туындайтын клиенттің Серіктесте жасаған операциялары. Бонустармен жасалатын операцияның күмәнділік критерийлерін Банк клиенттің және Серіктестің келісімін алмай өз бетінше айқындайды;

32) **Серіктестің жеке кабинеті –** қолданыстағы ниеттестік бағдарламалары мен талаптары бойынша ақпаратты алу, ниеттестік бағдарламаларына қосылуға өтінім беру және Банкпен хабарламалар алмасу үшін «Onlinebank Halyk» жүйесіндегі сервис;

33) **«Onlinebank Halyk» жүйесі** - Кәсіпорындар үшін Банктің қызметтер жүйесі, ол интернет желісі арқылы Кәсіпорындар мен Банк арасында Электрондық құжаттар, хабарламалар (нұсқаулар) алмасу жолымен Банкте ашылған өз банктік шоттарын қашықтан басқару мүмкіндігін береді;

34) **КЖ/ТҚҚ және ЖҚҚТҚҚ -** Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырату қаруының таралуын қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;

35) **Электрондық цифрлық қолтаңба/ЭЦҚ** - электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін және электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиістілігін және мазмұнының өзгеріссіздігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).

1-тарау. Кіріспе

1. Банк ұйымдастырушы рөлінде шыға отырып Бонус клубын құрады. Банктің төлем карталары бойынша клиенттерге бонустарды, мезеттік жеңілдіктерді, купондарды және т.б. беретін Кәсіпорындар Бонус клубының серіктестері болады.

2. Бонус клубына кіру үшін Кәсіпорын Банкпен Сауда эквайрингінің қосылу шартына Қосымша келісім немесе «Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» интернет-эквайрингтің қосылу шартына Қосымша келісім жасасады, осы Қағидаларды қабылдайды және оларды ұстануға міндеттенеді.

3. Бонус клубы Қазақстан Республикасының аумағында Кәсіпорындардан бонустарды есептеу бойынша Бонус клубы Серіктестерінің желісінде және Банктен бонустарды/кешбэкті есептеген кезде аумақтылығы бойынша шектеусіз әрекет етеді. Сондай-ақ Бонус клубы қызметтерді жеткізушілер желісінде жеке тұлғаларға арналған Halyk қосымшасында интернет банкингінде әрекет етеді. Бонус клубы Серіктестер үшін мерзімсіз болып табылады.

4. Бонус клубы Серіктестерден бонустарды берген жағдайда клиенттер үшін мерзімсіз болып табылады.

5. Банк клиенттерге тиісті хабарлама жіберместен бонустарды жинау және пайдалану құрылымын қоса алғанда, осы Қағидаларды өзгерту немесе күшін жою құқығын және/немесе кез келген уақытта Бонус клубының қолданылуын тұтастай алғанда тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

6. Осы Қағидалар Бонус клубының шеңберінде Банктің, Серіктестердің және клиенттердің өзара әрекеттесу тәртібін белгілейді, сондай-ақ Банк пен Серіктестердің құқықтары мен міндеттерін реттейді.

7. Серіктес бонустарды клиент Банктің төлем картасын пайдалана отырып Серіктестің сауда орнында немесе онлайн-дүкенінде транзакция жасаған кезде береді. Бонустар клиентке осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сай Сауда эквайрингінің қосылу шартына Қосымша келісімде немесе «Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» интернет-эквайрингтің қосылу шартына Қосымша келісімде (бұдан әрі – Қосымша келісімдер) белгіленген мөлшерде есептеледі.

8. Бонустар есебінен транзакция жүргізген жағдайда клиентке Бонустар есептелмейді.

9. Осы Қағидалар ашық ақпарат болып табылады және банктік құпия болып табылмайды. Банк осы Қағидаларды Бонус клубына қатысу талаптарымен таныстыру үшін Банктің сайтында ұсынады.

10. Ақпаратты ашу оны міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратуды білдірмейді.

11. Бонус клубындағы өзгерістер туралы хабарландыру оларды Банктің https://halykbank.kz сайтында жариялаған сәттен бастап жарамды болады және тұтастай алғанда Бонус клубына қатысу Қағидалармен және талаптарымен танысқандығын, келіскендігін білдіреді.

12. Бонус клубының барлық Серіктесі бонустарды клиенттің Бонус клубының Серіктесі болып табылатын кез келген Кәсіпорнында алу және пайдалану мүмкіндігімен келіседі.

13. Серіктес, егер бұл осы Қағидаларда және Қосымша келісімдерде көзделген болса, Банкке Кәсіпорынның банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы ақшаны кейінге қалдырылған жеңілдік ретінде шығарып алуға өзінің келісімін береді.

13-1. Серіктес Бонус клубына Серіктестің жеке кабинеті арқылы онлайн қосыла алады және ниеттестік бағдарламасы аясында Клиенттерге бонустар бере алады. Ол үшін Серіктес «Onlinebank Halyk» жүйесінде тіркелуі және ЭЦҚ немесе динамикалық аутентификацияны (ОТП-код) пайдалана отырып, Кәсіпорындарға арналған Бонус клубы ережелерінің 5-қосымшасына сәйкес құжаттарға қол қоюы, сондай-ақ «Қосылу» батырмасын басу арқылы Кәсіпорындарға арналған Бонус клубы ережелерінің 6, 7-қосымшаларындағы формалар бойынша қол қоюы тиіс.

2-тарау. Серіктестің құқықтары мен міндеттері

14. Серіктестің мыналарға құқығы бар:

1) Банк ұсынатын ниеттестік бағдарламалары түрінің шеңберінде науқанның меншікті түрі мен бонустарды есептеу мөлшерлерін анықтау;

2) меншікті байланыс арналары (сауда залдарындағы хабарламалар) арқылы клиенттерді міндетті түрде хабарландыра отырып бонустарды есептеу науқанының түрін өзгерту (Банкпен келісе отырып);

3) Банкпен келісе отырып Бонус клубын ілгері бастыру бойынша меншікті науқандарды жүргізу;

4) клиенттер топтары туралы маркетингтік ақпаратты алу;

5) ақшаны/бонустарды есептеу, есепке алу және есептен шығару операциялары бойынша қарсылықтар болған кезде Банкке жазбаша түрде сұрау салуды даулы операция жасалған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде жіберу;

6) Бонус клубына қатысудан бас тарту;

7) Сауда эквайрингінің қосылу шартында және/немесе Интернет-эквайрингтің қосылу шартында көзделген құқықтарды пайдалану.

15. Серіктес келесілерге міндеттенеді:

1) Бонус клубына қатысу мүмкіндігі және талаптары туралы клиенттерді хабарландыру;

2) төлем карталары арқылы есеп айырысып тауарларды/қызметтерді сатып алған кезде клиенттерге бонустарды беру;

3) Банктің барлық жабдығын ниеттестік бағдарламасына қосу;

4) қызметкерлерді оқытуды тұрақты түрде жүргізу немесе Банк арқылы оқытуға бастамашылық жасау (Қағидаларға 3-қосымша);

5) бонустарды есептеу талаптары өзгерген немесе толықтырылған жағдайда клиенттерді меншікті байланыс арналары (сауда залдарындағы хабарламалар) арқылы осы өзгерістер туралы хабарландыру;

6) Банкке бонустарды есептеу талаптарын беру және Банкті осы талаптарға өзгерістерді/толықтыруларды енгізу туралы хабарландыру;

7) бонустарды тауар/қызмет үшін клиенттердің төлем құралы ретінде қабылдау;

8) Банкпен алдын ала материалдарды келісіп сауда орындарының аумағында және ресми сайттарда жарнамалық материалдарды орналастыру;

9) карталарды пайдалана отырып транзакцияларды жүргізуді Сауда эквайрингінің қосылу шарты және/немесе Интернет-эквайрингтің қосылу шарты шеңберінде Банк берген жабдық арқылы ғана іске асыру;

10) Серіктестің кінәсі бойынша Банкке келтірілген барлық шығыстар мен сот шығындарын шартсыз тәртіппен өтеу;

11) Банк сұрау салған жағдайда компания туралы жарнамалық ақпаратты беру;

12) Банктің https://www.halykbank.kz сайтында Серіктес туралы өзекті ақпаратты көрсету мақсатында сауда орындары мекенжайларының, байланыс деректемелері мен басқа да деректемелерінің өзгергені туралы Банкті хабардар ету.

3-тарау. Банктің құқықтары мен міндеттері

16. Банктің мыналарға құқығы бар:

1) Серіктеске бонустармен есеп айырысу операцияларын жүргізуден мынадай жағдайларда бас тарту:

операциялардың жүргізілуін растайтын электрондық құжат болмаса;

транзакцияны клиенттің жүргізгендігіне күмән болса;

клиент жүргізіп жатқан операция Банк белгілеген осы операцияны іске асыру Қағидаларына немесе тәртібіне қайшы келсе;

операцияны жүргізу үшін клиенттің бонустық шотында бонустар жеткіліксіз болса;

2) Кәсіпорын төлем құжатын ресімдеген кезде жіберген қателері мен дәлсіздіктері кез келген кезеңде анықталған жағдайда немесе құжаттардың (мәліметтердің) берілуі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда Кәсіпорын төлем негіздемесін растау үшін осындай құжаттарды (мәліметтерді) бермеген жағдайда Кәсіпорынның төлем құжатын орындамау;

3) осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген тәртіппен Қағидалардың өзгергені туралы ақпаратты жариялау арқылы Серіктесті міндетті түрде хабарландыра отырып Қағидаларға өзгерістер енгізу;

4) Бонус клубын жабу;

5) бағдарламалық жасақтамада болған техникалық қате нәтижесінде немесе жабдықты қате баптау нәтижесінде Серіктестен бонустар есептелмеген немесе қате есептелген кезде Серіктестің ағымдағы шотын тікелей дебеттеу арқылы ақшаны бонустар сомасында есептен шығаруды жүргізу және Серіктестен бонустарды клиенттің бонустық шотына есептелуі тиіс мөлшерде есепке алу;

6) сатуға ынталандыруға бағытталған Бонус клубының шеңберінде маркетингтік науқандарды ұйымдастыру;

7) Сауда эквайрингінің қосылу шартына Қосымша келісім және «Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» интернет-эквайрингтің қосылу шартына Қосымша келісім және Қағидалар бойынша Серіктестің өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауын талап ету;

8) Серіктестің жарнамалық материалына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

9) Банктің halykbank.kz сайтында және басқа да ақпарат тасығыштарында Серіктестер тізіміне Серіктес туралы ақпарат орналастыру.

10) Клиенттердің бонустар бойынша берешегін өндіру үшін клиенттердің банктік шоттарына төлем талаптарын ұсыну.

17. Банк келесілерге міндеттенеді:

1) барлық талаптар мен ереже сақтала отырып транзакция жасалған кезде бонустарды клиенттің бонустық шотына есепке алу;

2) Серіктестер желісінде және қызметтерді жеткізушілер желісінде жеке тұлғаларға арналған Halyk қосымшасын интернет банкингінде бонустардың жұмсалуын қамтамасыз ету;

3) осы Қағидалардың 16-тармағының 5-тармақшасындағы өзінің құқығын жүзеге асырған жағдайда Банк Серіктеске сатып алу күні мен уақыты, сатып алу сомасы, шифрленген карта нөмірі, сатып алудың RRN-нөмірі, дүкен мекенжайы мен атауы, клиенттің бонустық шотына есепке алынған бонустар сомасы, Серіктес шотының нөмірі және Банктің уәкілетті тұлғасының қолы қойылған есептен шығарылған ақша сомасы көрсетілген жазбаша хабарландыруды береді;

4) Серіктестерге Қағидалардағы өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлау;

5) тауарды/қызметті сатып алғаны үшін есептелген бонустарды клиент Серіктестің осы тауарын/қызметін қайтарған жағдайда клиенттің бонустық шотынан есептен шығару;

6) Бонус клубын жапқан кезде клиентпен және Серіктеспен барлық есеп айырысуларды іске асыру;

7) Серіктес қызметкерлерін жұмыс орнында тегін оқытуды жүргізу;

8) қате есептелген Бонустарды түзету бойынша өтінішті орындауға қабылдау;

9) Серіктес туралы ақпаратты Банк сайтында орналастыру;

10) Бонус клубын жабу туралы шешім қабылданған жағдайда бұл туралы Серіктесті жабылу күніне дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күн бұрын, одан кешіктірмей хабарландыру. Бұл ретте Бонус клубын жабу туралы хабарламаны берген сәттен бастап бонустарды есептеу бойынша операциялар тоқтатылады.

4-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

18. Банк бонустарды есептеу немесе есептен шығару бойынша қате жүргізілген операция үшін жауапкершілік арқалайды. Бұл жағдайда Банктің жауапкершілігі қате жүргізілген операцияны қайтарумен шектеледі.

19. Банк мыналар үшін жауапкершілік арқаламайды:

1) Бонустарды санау, есептеу бойынша Серіктес қызметкерлерінің қате немесе алаяқтық іс-әрекеттері;

2) Серіктестің қате есептелген бонустарды қайтару туралы өтінішті уақтылы бермеу салдары.

20. Серіктес мыналар үшін жауапкершілік арқалайды:

1) қате есептелген бонустарды қайтару туралы өтінішті Банкке уақтылы бермеу салдары ретінде қойылуы мүмкін талаптарды орындамау/тиісті түрде орындамау;

2) Серіктес кінәсі бойынша Банкке келтірілген шығыстар мен сот шығындарын толық өтемеу.

5-тарау. Кінәраттар қою және дауларды шешу

21. Есептелген және жұмсалған бонустар бойынша қарсылықтар болған жағдайда Серіктес операция жүргізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде Банкке жазбаша түрде сұрау салуды жіберуге құқылы. Егер көрсетілген мерзім ішінде Банкке операциялар бойынша қарсылық түспейтін болса, онда жүргізілген операциялар расталған болып есептеледі және кейіннен осы операциялар бойынша Серіктестің наразылығы қаралуға/қанағаттандырылуға жатпайды.

22. Сұрау салуда мәлімделген дәлелдерді растау үшін осы операцияны жасаған кезде ресімделген Серіктестен тауарды/қызметті сатып алу операциялары бойынша құжаттар сұрау салуға қоса тіркеледі.

23. Банк сұрау салуды алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде даулы мәселелерді шешу үшін шара қолдануға міндеттенеді.

24. Осы Қағидаларды орындауға қатысты Банк пен Серіктес арасындағы барлық дау мен келіспеушілік келіссөздер арқылы шешіледі. Даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралуы үшін Банктің орналасқан жері бойынша жалпы юрисдикция сотына жіберіледі.

6-тарау. Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

25. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Банктің бастамасымен жүргізіледі.

26. Банктің осы Қағидаларға енгізетін өзгерістері мен толықтырулары Банк белгілеген күннен бастап күшіне енеді.

27. Қағидаларға енгізілген кез келген өзгерістер және толықтырулар күшіне енген сәттен бастап Қағидаларға қосылған тұлғалардың бәріне бірдей, оның ішінде өзгерістер күшіне енген күннен бұрын Қағидаларға қосылғандарға да таралады.

28. Банктің Қағидаларға енгізген өзгерістерімен немесе толықтыруларымен Серіктес келіспеген жағдайда Серіктес Бонус клубына қатысудан бас тартуға құқылы.

7-тарау. Қағидалардан бас тарту

29. Серіктестің осы Қағидаларға қосылудан бас тартуға құқығы бар. Бұл жағдайда Серіктес Бонус клубынан шығу күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Бонус клубынан ажырату туралы өтініш жолдау арқылы Банкті Бонус клубынан шығатыны туралы хабардар етуге міндетті (Қағидаларға 4-қосымша).

30. Серіктес Бонус клубқа қатысудан бас тартқан жағдайда, клиенттің картаны пайдалана отырып жасаған транзакциялары бойынша бонустарды есептеу және бонустарды жұмсау жүзеге асырылмайды. Клиент осы Серіктестен бұрын алынған бонустарды басқа Серіктестердің, Кәсіпорындардың желісінде және Halyk қосымшасындағы жеке тұлғаларға арналған интернет-банкингтегі қызмет көрсетушілер желісінде төлем картасын пайдалана отырып, тауарды/қызметті төлеу үшін пайдалануға құқылы.

31. Сауда эквайрингі қосылу шартына Қосымша келісімді және/немесе интернет-эквайрингке қосылу шартына «Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Банк клиенттеріне

қызмет көрсету тәртібі туралы» Қосымша келісімді бұзған кезде Тараптар Бонус клубы шеңберінде өзара есеп айырысуларды жүзеге асырады. Бұл ретте:

1) Серіктестің клиенттерге бұрын есептеген бонустары қайтарылмайды және клиенттер оларды кез келген басқа Серіктесте, Кәсіпорында және Halyk қосымшасындағы қызмет көрсетушілер желісінде жұмсай алады;

2) Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда, оның құқықжұмсағушысына барлық құқықтар мен міндеттемелер ауысады.

Банктік деректемелер:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 40-үй
БСН 940140000385
Тел. + 7 (727) 259-07-77 (Алматы қаласы)
8 8000 8000 59 (Қазақстан бойынша тегін)